АБАЙ ОБЛЫСЫ
СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫ

ТӨРАҒАНЫҢ

ӨКІМІ

МАСЛИХАТ ГОРОДА СЕМЕЙ
ОБЛАСТИ АБАЙ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

ПРЕДСЕДАТЕЛЯ

2026 жылғы 8 қаңтар № 01-05/3

Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ Заңына сәйкес , **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

Мемлекеттік сатып алуларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 35) тармақшасын қолдана отырып, мемлекеттік сатып алулардың қорытындылары шығарылып, шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңде күнделікті және (немесе) апталық қажеттілікті қамтамасыз ету мақсатында, уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жүзеге асырылған жағдайда, тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алу рәсімі жүргізілетін мерзім ішінде қажеттілігін қамтамасыз етуге қажетті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемінен аспайтын, бірақ екі айдан аспайтын көлемде жүзеге асырылсын.

Аталған тармақша алдыңғы жылы жасалған шарттың қолданылу мерзімін ұзартудан өнім берушінің бас тартуы жағдайында, егер мұндай мемлекеттік сатып алулар жылдың бірінші айында жүзеге асырылса, не ағымдағы қаржы жылында тапсырыс беруші құрылған (қайта ұйымдастырылған) жағдайда, бірақ екі айдан аспайтын мерзімге қолданылады.

1. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алу қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

2. Бас маман-бухгалтер Л. Мусинаға бекітілген мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары шегінде мынадай шарттарды жасасу тапсырылсын:

Интернет желісіне қол жеткізу қызметтері бойынша ҚҚС-ты қоса алғанда 113 929,12 (жүз он үш мың тоғыз жүз жиырма тоғыз) теңге 12 тиыннан аспайтын сомаға;

телефон байланысы қызметтері бойынша ҚҚС-ты қоса алғанда 5 385,69 (бес мың үш жүз сексен бес) теңге 69 тиыннан аспайтын сомаға;

ақылы теледидар қызметтерін ұсыну бойынша ҚҚС-ты қоса алғанда 3 728,56 (үш мың жеті жүз жиырма сегіз) теңге 56 тиыннан аспайтын сомаға.

3. Бас маман-бухгалтер Л. Мусинаға мемлекеттік сатып алу қағидаларын жүзеге асыру қағидаларында белгіленген нысан бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу

000324

тәсілімен жүргізілген мемлекеттік сатып алулар туралы есепті мемлекеттік сатып алулардың веб-порталында орналастыру тапсырылсын.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Е. Сагандыков

орынд. Л. Мусина